

Сәулет және қала құрылысы қызметі саласында мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2014 жылғы 16 шілдедегі N 242 қаулысы . Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 28 тамызда N 2922 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 тамыздағы N 309 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 20.08.2015 N 309 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) "Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

2) "Сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

3) "Тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелер мен жабдықтарды өзгертуге байланысты емес қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) реконструкциялауға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) шешім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Е. Сұлтанов

Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің
2014 жылғы 16 шілдедегі
№ 242 қаулысымен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын анықтау бойынша анықтама беру"

мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын анықтау бойынша анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет), мекенжайлары осы "Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын анықтау бойынша анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің (бұдан әрі – регламент) 1-қосымшасында көрсетілген, Солтүстік Қазақстан облысы аудандарының және Петропавл қаласының архитектура және қала құрылысы бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) Мекенжайлары осы регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорындары (бұдан әрі – ХҚКО) арқылы;

2) "электрондық үкіметтің" www.e.gov.kz веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электрондық (автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мекенжайдың тіркеу кодын көрсете отырып, жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын нақтылау бойынша немесе жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын беру немесе жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын жою бойынша анықтама.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-әрекет тәртібінің сипатамасы

4. "Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын анықтау бойынша анықтама беру", "Сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру" және "Тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелері мен жабдықтарды өзгертуге байланысты емес қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) қайта құруға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) шешім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 наурыздағы № 237 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын анықтау бойынша анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес өтініш, рәсімді (іс-әрекетті) бастауға негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-әрекеттің) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызмет берушінің кеңсе қызметкері, ХҚКО-дан жолданған құжаттарды қабылдауды, соңынан тіркеуді және көрсетілген қызметті берушінің басшысына ұсынуды жүзеге асырады – 20 минут;

Нәтиже – құжаттарды қабылдау және тіркеу, соңынан көрсетілетін қызмет берушінің басшысына қарастыруға ұсыну.

2) Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысады және жауапты орындаушыны анықтайды - 1 сағат;

Нәтиже – жауапты орындаушының анықталуы.

3) Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттардың толықтығын және дұрыстығын тексереді – 20 минут:

жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын нақтылау (өзгерту) туралы анықтамалықты "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесінде жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерту туралы мұрағаттық мәліметтер жоқ болған кезде - 2 жұмыс күні ішінде құрастырады;

жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жеріне бара және мекенжайдың тіркеу кодын көрсете отырып, оны "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесінде міндетті тіркей отырып, жылжымайтын мүлік объектісіне мекенжай беру немесе жою кезінде - 6 жұмыс күнін құрайды;

Нәтиже – анықтамалық дайындау;

4) Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы анықтамалыққа қол қояды – 1 сағат;

Нәтиже – анықтамалыққа қол қою;

5) Көрсетілетін қызмет берушінің кеңсе қызметкері анықтамалыққа қол қойылған күні, ХҚКО-на анықтамалықты көрсетілетін қызмет алушыға тапсыру үшін жолдайды;

Нәтиже - ХҚКО-на анықтамалықты көрсетілетін қызмет алушыға тапсыру үшін жолдау.

6. Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын жылжымайтын мүлік объектісі мекенжайы өзгерістерінің тарихісіз нақтылау кезінде және жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын жылжымайтын мүлік объектісі мекенжайы өзгерістерінің тарихімен нақтылау кезінде – "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесінде мұрағаттық мәліметтер бар болған кезде көрсетілетін

қызмет алушы ХҚКО-ға жүгінуі тиіс. ХҚКО-дан мемлекеттік қызмет көрсету шешімін алу уақыты 15 минут.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-әрекеті тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- 1) Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;
- 2) Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
- 3) Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы;
- 4) ХҚКО.

8. Әрбір рәсімнің (іс-әрекеттің) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасында өзара іс-әрекеттің реттілігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызмет берушінің кеңсе қызметкері, ХҚКО-дан жолданған құжаттарды қабылдауды, соңынан тіркеуді және көрсетілген қызметті берушінің басшысына ұсынууды жүзеге асырады – 20 минут;

2) Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысады және жауапты орындаушыны анықтайды - 1 сағат;

3) Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттардың толықтығын және дұрыстығын тексереді – 20 минут:

жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын жылжымайтын мүлік объектісі мекенжайы өзгерістерінің тарихісіз нақтылау кезінде - 15 минут;

жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын жылжымайтын мүлік объектісі мекенжайы өзгерістерінің тарихімен нақтылау кезінде – "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесінде мұрағаттық мәліметтер бар болған кезде - 15 минут,

жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын нақтылау (өзгерту) туралы анықтамалықты "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесінде,

жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын өзгерту туралы мұрағаттық мәліметтер жоқ болған кезде - 2 жұмыс күні ішінде құрастырады;

жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жеріне бара және мекенжайдың тіркеу кодын көрсете отырып, оны "Мекенжай тіркелімі" ақпараттық жүйесінде міндетті тіркей отырып, жылжымайтын мүлік объектісіне мекенжай беру немесе жою кезінде - 6 жұмыс күнін құрайды;

4) Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы анықтамалыққа қол қояды – 1 сағат;

5) Көрсетілетін қызмет берушінің кеңсе қызметкері анықтамалыққа қол

қойылған күні, ХҚКО-на анықтамалықты көрсетілетін қызмет алушыға тапсыру үшін жолдайды.

9. Рәсімнің (іс-әрекеттің) реттілігінің сипаттамасы "Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын анықтау бойынша анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет бизнес-үдерісі анықтамалығында осы регламенттің 5-қосымшасына сәйкес сүйемелденеді.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде ХҚКО-мен және (немесе) басқа да көрсетілетін қызметті берушілермен, сонымен қатар ақпараттық жүйені пайдалану тәртібі іс-әрекетінің сипаттамасы

10. Көрсетілетін қызметті алу үшін Көрсетілетін қызметті алушы ХҚКО-на Стандарттың 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды ұсынады.

Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік электрондық-ақпараттар ресурстары болып табылатын құжаттар мәліметін, ХҚКО-ның ақпараттар жүйесі арқылы электронды-цифрлы қолмен қол қойылған, электрондық құжаттар түрінде тиісті мемлекеттік ақпараттар жүйесінен алады.

ХҚКО-ның қызметкері құжаттардың түп нұсқасының дұрыстығын мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттар жүйесінен алынған мәліметтермен салыстырады, содан кейін түп нұсқасын Көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады. Егерде Көрсетілетін қызметті алушы, мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында қарастырылған тізбегіне сәйкес келмейтін толық емес құжаттар топтамасын ұсыған жағдайда, ХҚКО қызметкері өтініш қабылдаудан бас тартады және мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 4-қосымшасындағы нысанға сәйкес қолхат тапсырады.

11. Көрсетілетін қызметті алушыға барлық қажетті құжаттарды ХҚКО-на берген кезде мыналарды көрсете отырып, тиісті құжаттар қабылданғаны туралы қолхат беріледі:

- өтініштің нөмірі мен қабылданған күні;
- сұралған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің түрі;
- қоса берілген құжаттардың саны мен атауы;
- мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу күні (уақыты) мен құжаттарды беру орны;

ХҚКО-ның құжаттарды қабылдаған жауапты қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты;

көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты, байланыс деректері;

12. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін, Көрсетілетін қызметті берушіге сұраным жолданады.

13. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру, ХҚКО-на жеке өзі жүгінген кезде "терезе" арқылы жүзеге асырылады.

14. Портал арқылы Көрсетілетін қызметті алушы мен Көрсетілетін қызметті берушінің шешімдері мен қадамдық іс-әрекеттері:

1) Көрсетілетін қызметті алушы жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі - ЖСН) және бизнес-сәйкестендіру нөмірінің (бұдан әрі - БСН), сондай-ақ парольдің (Порталда тіркелмеген көрсетілетін қызметті алушылар үшін жүзеге асырылады) көмегімен Порталда тіркеледі;

2) 1-үдеріс - Көрсетілетін қызметті алушының порталда көрсетілетін қызметті алу үшін ЖСН/БСН және парольді енгізу үдерісі (авторландыру үдерісі);

3) 1-шарт - ЖСН/БСН және пароль арқылы тіркелген Көрсетілетін қызметті алушы туралы деректердің шынайылығын тексеру;

4) 2-үдеріс - Көрсетілетін қызметті алушының деректерінде бұзушылықтар болуына байланысты авторландырудан бас тарту туралы хабарламаны порталда қалыптастыру;

5) 3-үдеріс - осы Регламентте көрсетілген қызметті Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы, қызметті көрсету үшін сұрау салу нысанын экранға шығару және оның құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып Көрсетілетін қызметті алушының нысанды (деректерді енгізу) толтыруы, Стандарттың 9-тармағында қарастырылған электрондық түрдегі қажетті құжат көшірмесін сұрау салу нысанына тіркеу, сондай-ақ сұрауды куәландыру үшін (қол қою) Көрсетілетін қызметті алушының электрондық-цифрлық қолтаңбаның (бұдан әрі – ЭЦҚ) тіркеу куәлігін таңдауы;

6) 2-шарт - порталда ЭЦҚ-ның тіркеу куәлігінің әрекет мерзімін және кері қайтарылған (күші жойылған) тіркеу куәліктерінің ішінде болмауын, сондай-ақ сәйкестендіру деректерінің (сұрау салуда көрсетілген ЖСН/БСН және ЭЦҚ-ның тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН/БСН арасындағы) сәйкес келуін тексеру;

7) 4-үдеріс – Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-ның дұрыстығы расталмауына байланысты сұрау салынған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

8) 5-үдеріс - Көрсетілетін қызметті берушінің сұрауды өңдеу үшін "электрондық үкімет" өңірлік шлюзінің автоматтандырылған жұмыс орнында (бұдан әрі - ЭҮӨШ АЖО) Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен "электрондық үкімет" шлюзі арқылы куәландырылған (қол қойылған) электрондық құжатты (Көрсетілетін қызметті алушының сұрауы) жолдау;

9) 3-шарт - Көрсетілетін қызметті берушінің қызмет көрсету үшін негіз бойынша және Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттардың Көрсетілетін қызметті алушының қоса берген құжаттарына сәйкестігін тексеруі;

10) 6-үдеріс - Көрсетілетін қызметті алушының құжаттарында бар

бұзушылықтарға байланысты сұратылып отырған қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

11) 7-үдеріс - Көрсетілетін қызметті алушының портал қалыптастырған қызмет нәтижесін (электрондық құжат нысанындағы хабарлама) алуы. Электрондық құжат Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қолданумен қалыптастырылады.

15. Көрсетілетін қызметті беруші мен Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсететін ақпараттар жүйесінің өзара функционалдық іс-әрекеттері "Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын анықтау бойынша анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет бизнес-үдерісі анықтамалығында осы регламенттің 5-қосымшасына сәйкес сүйемелденеді.

"Қазақстан Республикасының
аумағында жылжымайтын мүлік
объектілерінің мекенжайын
анықтау бойынша анықтама беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
1-қосымша

Қызмет берушінің мекенжайлары

Бөлімнің атауы	Заңды мекенжайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
"Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Аққайың ауданы, Смирново селосы, Труд көшесі, 16	Күнсайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00 - 14.00, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71532) 2-28-65
"Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Тимирязев ауданы, Тимирязев селосы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 1	Күнсайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00 - 14.00, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71537) 2-15-48
"Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Есіл ауданы, Явленка селосы, Ленин көшесі, 9	Күнсайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00 - 14.00, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71543) 2-14-87
"Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 44	Күнсайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00 - 14.00, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71533) 2-05-61
"Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Ақжар ауданы, Талшық селосы, Целинная көшесі, 13	Күнсайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00 - 14.00, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71546) 2-10-09
"Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Жамбыл ауданы, Пресновка селосы, Шайкин көшесі, 30	Күнсайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00 - 14.00, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71544) 2-27-56

"Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 56	Күнсайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00 - 14.00, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71531) 2-01-19
"Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қызылжар ауданы, Бескөл ауылы, Гагарин көшесі, 11	Күнсайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00 - 14.00, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71538) 2-19-86
"Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Мамлют ауданы, Мамлют қаласы, Абай Құнанбаев көшесі, 5	Күнсайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00 - 14.00, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71541) 2-24-48
"Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Ғабит Мүсірепов атындағы аудан, Новоишим селосы, Ленин көшесі, 2	Күнсайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00 - 14.00, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71535) 2-15-79
"Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Тайынша ауданы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 26	Күнсайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00 - 14.00, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71536) 2-20-56
"Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Уәлиханов ауданы, Кішкенекөл селосы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 85	Күнсайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00 - 14.00, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71542) 2-25-05
"Солтүстік Қазақстан облысы Шал акын ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Шал акын ауданы, Сергеев қаласы, Победа көшесі, 35	Күнсайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00-14.00, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71534)-2-03-89
"Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Петропавл қаласы Қазақстан Конституциясы көшесі, 23	Күнсайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс 13.00 - 14.00, демалыс – сенбі және жексенбі	8(7152) 46-74-76

"Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын анықтау бойынша анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

ХҚКО-нің мекенжайлары

Халыққа қызмет көрсету орталығының атауы	Заңды мекенжайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
"Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы	Петропавл қаласы Өуезов көшесі, 157	Күнсайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзіліс, демалыс – жексенбі	8 (7152) 33-12-57
"Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының	Петропавл қаласы Қазақстан	Күнсайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін,	

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының Петропавл қалалық бөлімі	Конституциясы көшесі, 72	түскі үзілісіз, демалыс – жексенбі	8 (7152) 33-02-26
"Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының Айыртау аудандық бөлімі	Айыртау ауданы, Саумалкөл селосы, Сыздықов көшесі, 4	Күнсайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзілісіз, демалыс – жексенбі	8 (71533) 2-01-84
"Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының Ақжар аудандық бөлімі	Ақжар ауданы, Талшық селосы, Победа көшесі, 67	Күнсайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзілісіз, демалыс – жексенбі	8 (71546) 2-21-08
"Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының Аққайын аудандық бөлімі	Аққайын ауданы, Смирново селосы, Труд көшесі, 11	Күнсайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзілісіз, демалыс – жексенбі	8 (71532) 2-25-86
"Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының Есіл аудандық бөлімі	Есіл ауданы, Явленка селосы, Ленин көшесі, 6	Күнсайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзілісіз, демалыс – жексенбі	8 (71543) 2-20-03
"Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының Жамбыл аудандық бөлімі	Жамбыл ауданы, Пресновка селосы, Горький көшесі, 10 Г	Күнсайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзілісіз, демалыс – жексенбі	8 (71544) 2-29-16
"Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық бөлімі	Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы, Новоишим селосы, Ленин көшесі, 7	Күнсайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзілісіз, демалыс – жексенбі	8 (71535) 2-22-19
"Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының Қызылжар аудандық бөлімі	Қызылжар ауданы, Бескөл ауылы, Институт көшесі, 1А	Күнсайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзілісіз, демалыс – жексенбі	8 (71538) 2-17-46
"Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының Мағжан Жұмабаев аудандық бөлімі	Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Юбилейная көшесі, 62	Күнсайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзілісіз, демалыс – жексенбі	8 (71531) 2-03-76
"Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының Мамлют аудандық бөлімі	Мамлют ауданы, Мамлют қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 11	Күнсайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзілісіз, демалыс – жексенбі	8 (71541) 2-27-48
"Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының Тайынша аудандық бөлімі	Тайынша ауданы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 208	Күнсайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзілісіз, демалыс – жексенбі	8 (71536) 2-36-03
"Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының Тимирязев аудандық бөлімі	Тимирязев ауданы, Тимирязев селосы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 17	Күнсайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзілісіз, демалыс – жексенбі	8 (71537) 2-03-02
"Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының Уәлиханов аудандық бөлімі	Уәлиханов ауданы, Кішкенекөл селосы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 80	Күнсайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзілісіз, демалыс – жексенбі	8 (71542) 2-28-11

"Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының Шал ақын аудандық бөлімі	Шал ақын ауданы, Сергеев қаласы, Желтоқсан көшесі, 31	Күнсайын сағат 9.00-ден 19.00-ге дейін, түскі үзілісіз, демалыс – жексенбі	8 (71534) 2-73-90
---	---	--	-------------------

"Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын анықтау бойынша анықтама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша нысан

**(Республикалық маңызы бар қаланың/облыстық маңызы бар қаланың/ауданның сәулет және қала құрылысы басқармасы/бөлімі)
Управление/отдел архитектуры и градостроительства города республиканского значения/города областного значения/района)**

Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын нақтылау туралы анықтама

Справка

об уточнении адреса объекта недвижимости

Мекенжай тіркелімі АЖ / ИС Адресный регистр

(жылжымайтын мүлік нысаны / объект недвижимости)

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 21.04.2015 N 130 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Мұрағаттық мекенжай: Архивный адрес:	Қазақстан Республикасы, республикалық маңызы бар қала / облыс атауы, аудан атауы, ауылдық округінің атауы, елдімекен атауы, геоним атауы, мекенжай элементтері	Республика Казахстан, наименование города / республиканского значения/области, наименование района, наименование сельского округа, наименование населенного пункта, наименование геонима, элементы адреса
Өзгертілді: Изменен на:	Қазақстан Республикасы, республикалық маңызы бар қала / облыс атауы, аудан атауы, ауылдық округінің атауы, елдімекен атауы, геоним атауы, мекенжай элементтері	Республика Казахстан, наименование города / республиканского значения/области, наименование района, наименование сельского округа, наименование населенного пункта, наименование геонима, элементы адреса
Мекенжай тіркеу коды: Регистрационный код адреса:		
Объектінің сипаттамасы: Описание объекта:		
Объектінің санаты		

:		
Категория объекта:		
Кадастрлық нөмір:		
Кадастровый номер:		
Өзгерісті тіркеу күні:		
Дата регистрации изменения:		
Негіздеме құжат: Документ основание:		
Берілген күні: Дата выдачи:		

**(Республикалық маңызы бар қаланың/облыстық маңызы бар қаланың/
ауданның сәулет және қала құрылысы басқармасы/бөлімі) Управление/
отдел архитектуры и градостроительства города республиканского
значения/города областного значения/района) Жылжымайтын мүлік
объектісіне мекенжайын беру туралы анықтама**

**Справка о присвоении адреса объекту недвижимости Мекенжай тіркелімі
АЖ / ИС Адресный регистр (жылжымайтын мүлік нысаны / объект
недвижимости)**

Тұрақты/ алдынала тіркеу мекенжайы: Постоянный/ предварительный адрес регистрации:	Қазақстан Республикасы, республикалық маңызы бар қала / облыс атауы, аудан атауы, ауылдық округінің атауы, елдімекен атауы, геоним атауы, мекенжай элементтері	Республика Казахстан, наименование города республиканского значения/области, наименование района, наименование сельского округа, наименование населенного пункта, наименование геонима, элементы адреса
Мекенжайды тіркеу коды: Регистрационный код адреса:		
Объектінің сипаттамасы: Описание объекта:		
Объектінің санаты: Категория объекта:		
Кадастрлық нөмір:		

Кадастровый номер:		
Тіркеу күні: Дата регистрации:		
Негіздеме құжат: Документ основание:		
Берілген күні: Дата выдачи:		

(Республикалық маңызы бар қаланың/облыстық маңызы бар қаланың/ ауданның сәулет және қала құрылысы басқармасы/бөлімі) Управление/отдел архитектуры и градостроительства города республиканского значения/города областного значения/района) Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын жою туралы анықтама

Справка Об упразднении адреса объекта недвижимости Мекенжай тіркелімі АЖ / ИС Адресный регистр (жылжымайтын мүлік нысаны / объект недвижимости)

Тұрақты/ алдынала тіркеу мекенжайы: Постоянный/ предварительный адрес регистрации:	Қазақстан Республикасы, республикалық маңызы бар қала / облыс атауы, аудан атауы, ауылдық округінің атауы, елдімекен атауы, геоним атауы, мекенжай элементтері	Республика Казахстан, наименование города республиканского значения/области, наименование района, наименование сельского округа, наименование населенного пункта, наименование геонима, элементы адреса
Мекенжайды тіркеу коды: Регистрационный код адреса:		
Объектінің сипаттамасы: Описание объекта:		
Объектінің санаты: Категория объекта:		
Кадастрлық нөмір: Кадастровый номер:		
Жойылу күні: Дата упразднения:		
Негіздеме құжат:		

Документ основание:		
Берілген күні: Дата выдачи:		

"Қазақстан Республикасының
аумағында жылжымайтын мүлік
объектілерінің мекенжайын
анықтау бойынша анықтама беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
4-қосымша
нысан

(Тегі, аты, болса әкесінің аты
(бұдан әрі – Т.А.Ә.) немесе
көрсетілетін қызметті
алушы ұйымының атауы)

(көрсетілетін қызметті алушының
мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі
Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала
отырып, "Халыққа қызмет көрсету орталығы" РМК филиалының № __ бөлімі (
мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында
көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға
байланысты мемлекеттік қызметті көрсетуге (мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету)
құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____;

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

(ХҚКО қызметкерінің) Т.А.Ә. (қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә.

Телефон.

Алдым: Т.А.Ә. / көрсетілетін қызметті алушының қолы

20__ ж. " __ " _____

"Қазақстан Республикасының
аумағында жылжымайтын мүлік
объектілерінің мекенжайын


анықтау бойынша анықтама беру"

мемлекеттік қызмет
көрсету регламентіне
5-қосымша


"Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын анықтау бойынша анықтама беру"

мемлекеттік қызмет көрсету бизнес-процесінің анықтамалығы

А. Мемлекеттік қызмет көрсету, ХҚКО және портал арқылы көрсетілген кезінде



В. Мемлекеттік қызмет портал арқылы көрсетілген кезде



Шартты белгілер:

	- мемлекеттік қызметті көрсетудің басталуы немесе аяқталуы
	- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-әрекетінің) және (немесе) құрамдық-функционалдық бірлігінің (ҚФБ) атауы
	- таңдау нұсқасы
	- келесі рәсімге (іс-әрекетке) өту
Портал	- Портал электронного правительства
ШЭП	- Шлюз электронного правительства
ИС ГБД АР	- Информационная система Государственной базы данных Адресный регистр
ГБД АР	- Государственная база данных Адресный регистр

"Сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет), мекенжайлары осы "Сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің (бұдан әрі – регламент) 1-қосымшасында көрсетілген, Солтүстік Қазақстан облысы аудандарының және Петропавл қаласының архитектура және қала құрылысы бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;
- 2) тізімдері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің

2-қосымшасында көрсетілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорындары (бұдан әрі – ХҚКО) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі - осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес қағаз жеткізгіште тіркеу коды көрсетілген, инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосылуға арналған (егер оларды алу қажет болса) техникалық шарттары бар және сәулет-жоспарлау тапсырмасы бар анықтама.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-әрекет тәртібінің сипатамасы

4. "Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын анықтау бойынша анықтама беру", "Сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру" және "Тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелері мен жабдықтарды өзгертуге байланысты емес қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын (жекелеген бөліктерін) қайта құруға (қайта жоспарлауға, қайта жабдықтауға) шешім беру"

мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 наурыздағы № 237 қаулысымен бекітілген "Сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес өтініш, рәсімді (іс-әрекетті) бастауға негіз болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-әрекеттің) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызмет берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызмет алушыдан немесе ХҚКО-ның қызметкерінен өтініш және құжаттарды қабылдауды, соңынан тіркеуді жүзеге асырады – 15 минуттан аспайды;

Нәтиже - көрсетілетін қызмет алушыдан немесе ХҚКО-ның қызметкерінен құжаттарды қабылдау, соңынан тіркеу.

2) Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысады - 1 сағат ;

Нәтиже - жауапты орындаушының анықталуы.

3) Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттардың толықтығын және дұрыстығын тексеруді, соңынан анықтамалық дайындауды жүзеге асырады: 7 (жеті) жұмыс күні;

келесі құрылыс объектілері үшін - 14 (он төрт) жұмыс күні:

электр және жылу энергиясын өндіретін өндірістік кәсіпорындар;

тау-кен өндіру және байыту өндірістік кәсіпорындары;

қара және түсті металлургия, машина жасау өнеркәсібінің өндірістік кәсіпорындары;

елді мекендер мен аумақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін гидротехникалық және селден қорғау құрылыстары (дамбалар, бөгеттер);

елді мекендердің шекараларынан тыс орналасқан желілік құрылыстар:

қызмет көрсету объектілерімен бірге магистральдық құбырлар (мұнай, газ құбырлары және т.б.);

жоғары вольтты электр беру желілері және талшықты-оптикалық байланыс желілері;

қызмет көрсету объектілерімен бірге темір жолдар;

көпірлерді, көпір өткелдерін, тоннельдерді, көп деңгейлі айрықтарды қоса алғанда, республикалық желіге жатқызылған жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары;

жер учаскесінің (аумақтың, трассаның) қолданыстағы шекараларында жүзеге асырылатын, тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелері мен жабдықтарын өзгертуге байланысты емес қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын (жеке бөліктерін) реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобасын әзірлеуге - 2 (екі) жұмыс күні.

Нәтиже – анықтамалық дайындау.

4) Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы анықтамалыққа қол қояды.

Нәтиже – анықтамалыққа қол қою.

5) Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері соңынан көрсетілетін қызмет алушыға беру үшін ХҚКО-ның қызметкеріне немесе көрсетілетін қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін тапсырады – 15 минут.

Нәтиже – соңынан көрсетілетін қызмет алушыға беру үшін ХҚКО-ның қызметкеріне немесе көрсетілетін қызмет алушыға анықтамалық тапсыру.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-әрекеті тәртібінің сипаттамасы

6. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын Көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- 1) Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;
- 2) Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
- 3) Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы;

7. Әрбір рәсімнің (іс-әрекеттің) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасында өзара іс-әрекеттің реттілігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызмет берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызмет алушыдан немесе ХҚКО-ның қызметкерінен өтініш және құжаттарды қабылдауды, соңынан тіркеуді жүзеге асырады, – 15 минуттан аспайды;

2) Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттармен танысады - 1 сағат ;

3) Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттардың толықтығын және дұрыстығын тексеруді, соңынан анықтамалық дайындауды жүзеге асырады: 7 (жеті) жұмыс күні;

келесі құрылыс объектілері үшін - 14 (он төрт) жұмыс күні:

электр және жылу энергиясын өндіретін өндірістік кәсіпорындар;

тау-кен өндіру және байыту өндірістік кәсіпорындары;

қара және түсті металлургия, машина жасау өнеркәсібінің өндірістік кәсіпорындары;

елді мекендер мен аумақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін гидротехникалық және селден қорғау құрылыстары (дамбалар, бөгеттер);

елді мекендердің шекараларынан тыс орналасқан желілік құрылыстар:

қызмет көрсету объектілерімен бірге магистральдық құбырлар (мұнай, газ құбырлары және т.б.);

жоғары вольтты электр беру желілері және талшықты-оптикалық байланыс

желілері;

қызмет көрсету объектілерімен бірге темір жолдар;

көпірлерді, көпір өткелдерін, тоннельдерді, көп деңгейлі айрықтарды қоса алғанда, республикалық желіге жатқызылған жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары;

жер учаскесінің (аумақтың, трассаның) қолданыстағы шекараларында жүзеге асырылатын, тіреу және қоршау конструкцияларын, инженерлік жүйелері мен жабдықтарын өзгертуге байланысты емес қолданыстағы ғимараттардың үй-жайларын (жеке бөліктерін) реконструкциялау (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау) жобасын әзірлеуге - 2 (екі) жұмыс күні;

4) Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы анықтамалыққа қол қояды - 1 сағат;

5) Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері соңынан көрсетілетін қызмет алушыға беру үшін ХҚКО-ның қызметкеріне немесе көрсетілетін қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін тапсырады - 15 минут.

8. Рәсімнің (іс-әрекеттің) реттілігінің сипаттамасы "Сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет бизнес-үдерісі анықтамалығында осы регламенттің 4-қосымшасына сәйкес сүйемелденеді.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде ХҚКО-мен және (немесе) басқа да көрсетілетін қызметті берушілермен, сонымен қатар ақпараттық жүйені пайдалану тәртібі іс-әрекетінің сипаттамасы

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ХҚКО-на стандарттың 2-қосымшасына сәйкес өтінішті және стандарттың 9-қосымшасында көрсетілген құжаттарды тапсырады.

Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік электрондық-ақпараттар ресурстары болып табылатын құжаттар мәліметін, ХҚКО-ның ақпараттар жүйесі арқылы электронды-цифрлы қолмен қол қойылған, электрондық құжаттар түрінде тиісті мемлекеттік ақпараттар жүйесінен алады.

ХҚКО-ның қызметкері құжаттардың түп нұсқасының дұрыстығын мемлекеттік органдардың мемлекеттік ақпараттар жүйесінен алынған мәліметтермен салыстырады, содан кейін түп нұсқасын Көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

10. ХҚКО-ға ұсынған кезде - мыналарды көрсете отырып, тиісті құжаттар қабылданғаны туралы қолхат беріледі:

өтініштің нөмірі мен қабылданған күні;

сұралған мемлекеттік көрсетілетін қызметтің түрі;

қоса берілген құжаттардың саны мен атауы;

құжаттарды беру күні (уақыты) мен орны;
құжаттарды рәсімдеу үшін өтініш қабылдаған ХҚКО қызметкерінің тегі, аты, әкесінің аты;

көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты, және байланыс телефоны.

11. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін, ХҚКО Көрсетілетін қызметті берушіге сұраным жолдайды.

12. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру, ХҚКО-на жеке өзі жүгінген кезде "терезе" арқылы жүзеге асырылады.

13. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда ХҚКО қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентінің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қолхат береді.

14. Рәсімнің (іс-әрекеттің) реттілігінің сипаттамасы "Сәулет-жоспарлау тапсырмасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет бизнес-үдерісі анықтамалығында осы регламентің 4-қосымшасына сәйкес сүйемелденеді.

"Сәулет-жоспарлау
тапсырмаларын беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет регламентіне
1-қосымша

Қызмет берушінің мекенжайлары

Бөлімнің атауы	Заңды мекенжайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
"Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Аққайың ауданы, Смирново селосы, Труд көшесі, 16	Күнсайын сағат 9.00-ден 18.00 -ге дейін, түскі үзіліс 13.00 - 14.00, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71532) 2-28-65
"Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Тимирязев ауданы, Тимирязев селосы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 1	Күнсайын сағат 9.00-ден 18.00 -ге дейін, түскі үзіліс 13.00 - 14.00, демалыс – сенбі және жексенбі	8(71537) 2-15-48
